

## «БАЛДЫРҒАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНДА ПЕДАГОГТЕРМЕН ӨТКІЗІЛГЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕС

**Тақырыбы:** «Адалдық – тәрбие негізі»

**Мақсаты:**

Педагогтердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру, адалдық қағидаларын насихаттау және балабақшадағы ашықтық пен әділдікті нығайту.

**ҚАТЫСУШЫЛАР:** Балабақша директоры, әдіскер, педагогтер

### КЕҢЕСТІҢ БАРЫСЫ

**Тренинг:** «Адал ұстаз қандай?»

Педагогтерге түрлі сөздер ұсынылады. Әділ, Жауапты, Ашық, Сенімді, Парасатты .

Әр педагог «Адал педагог – ол ...» деп сөйлемді жалғастырады.

Мақсаты: жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

**«Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?»**

**Формат:** Қысқа бейнеролик , баяндама

**Директор Г.Т. Косниязова :** Сыбайлас жемқорлық — қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану.

**Балабақшада кездесуі мүмкін тәуекелдер:**

- ✗ Заңсыз ақша жинау
- ✗ Сыйлық алу
- ✗ Әділетсіз марапаттау
- ✗ Құжаттарды жалған толтыру
- ✗ Жұмысқа таныстықпен қабылдау

**Талқылау сұрағы:**

**«Жемқорлықтың бала тәрбиесіне әсері қандай?»**

Педагогтердің пікірлері тыңдалды.



**«Педагогикалық әдеп және адалдық»**

Әдіскер Искалиева Ж.А баяндама жасады.

**Педагог міндеттері:**

- ✓ Әділ болу
- ✓ Ата-анамен ашық жұмыс жүргізу
- ✓ Қызметтік әдеп сақтау
- ✓ Баланың құқығын қорғау
- ✓ Қаржылық ашықтық сақтау

**«Адалдық бұрышы»**



Балабақшада орналастырылатын ақпараттар: Сенім жәшігі, Ашық есік күні  
**«Ситуациялық кейстер»**



Педагогтер топтарға бөлінеді.

**КЕЙС №1** Ата-ана мереке алдында тәрбиешіге қымбат сыйлық әкелді.

**Сұрақ:**

Педагог не істеуі керек?

Дұрыс шешім: Сыпайы түрде бас тарту немесе ұжымдық форматқа бағыттау.

**КЕЙС №2** Топта ақша жинау ұсынылды.

**Сұрақ:**

Бұл заңды ма?

Жауап: Мәжбүрлі ақша жинауға болмайды.

**КЕЙС №3**

Тәрбиеші танысын жұмысқа орналастыруды сұрады.

**Сұрақ:**

Қандай шешім дұрыс? Жауап: Жұмысқа қабылдау заң талаптарына сай жүргізілуі тиіс.

**«Адалдық ағашы»**

Педагогтер жапырақтарға өз ұстанымдарын жазады: «Мен әділ боламын», «Мен заңды сақтаймын», «Мен ата-анамен ашық жұмыс жасаймын»

Жапырақтар арнайы плакатқа ілінеді.

**Сергіту сәті «ИӘ немесе ЖОҚ»**

Жүргізуші сұрақ оқиды.

**Сұрақ**

**Жауап**

Ата-анадан ақша жинауға бола ма? **✗** Жоқ

### Сұрақ

### Жауап

Әдеп кодексін сақтау міндет пе?  Иә

Сыйлық алу жемқорлыққа жата ма?  Иә

Ашықтық сенім қалыптастыра ма?  Иә

### «Микрофон әдісі»

Әр педагог бір сөйлеммен қорытынды айтты: «Адалдық – үлкен жауапкершілік»  
«Жемқорлыққа жол жоқ» «Тәрбие адалдықтан басталады»

### КЕҢЕС ШЕШІМІ

1. Балабақшада сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары тұрақты жүргізілсін;
2. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау бақылауға алынсын;
3. Ата-аналармен ашықтық саясаты күшейтілсін;
4. Заңсыз ақша жинауға жол берілмесін;
5. «Адалдық бұрышы» ұйымдастырылсын;
6. Ай сайын түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

### ҚОРЫТЫНДЫ ҰРАН

«Адал педагог — сапалы тәрбие кепілі!»